

**Мақтаарал ауданы білім бөлімінің
№1 « Саят » бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны**

**Өндірістік кеңес хаттамасы
2023-2024 оқу жылы.**

№1 «Саят» бөбекжай-бақшаның өндірістік кеңестің

№1 Хаттамасы

28.08.2023ж.

Қатысқаны-8
Қатыспағаны-0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2023-2024 оқу жылының дайындығы туралы
2. Балабақшаның ішкі еңбек тәртібінің ережелері және қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бекітіп таныстыру
3. Балабақша топтарға жауапты маман бекіту және балалардың сапалық құрамын жасақтау туралы.
4. «Бала өмірімен денсаулығын қорғау» қауіпсіздік ережелері туралы нұсқау жүргізу.
5. Комиссия мүшелерін сайлау.

Бірінші сұрақ бойынша: Балабақша меңгерушісі Мырзахметова Сапаркүл сөз кезегін алды.

Өз ой пікірлерін айтып өтті. Жаз айларында белгіленген жөндеу жұмыстары толығымен орындалды. Балабақшаның іші сырты толығымен әктеліп, сырланып, түскен жерлері сыланды. «Білімнің негізі – балабақшадан» деген қағиданы бетке ұстап әр балаға жағдай жасауымыз керек. Жөндеу жұмысын қызметкерлердің өз күшімен орындалды. «Бала тәрбиесі – бесіктен басталады» деген ұлы қағидаға сүйене отырып балабақшаға келген бала қоршаған ортасы талапқа сай болу керек. Жақсы тәлім-тәрбие алуына ықпал жасауымыз керек. Әрбір балаға жеке мән беріп күнделікті жұмыстарын орындау қажет деді.

Балабақша әдіскері Налибаева А.У. Жаз мезгілінің еңбек демалыстары толық демалып қызметкерлер жұмысқа кірісті. Қазіргі таңда тәрбиешілердің жұмыс жоспары түзіп, іс-қағаздарын толық ретке келтірген. Жаңа оқу жылына дайындығы жақсы деп атап айтты.

Балабақша медбикесі Т.Фардиева сөйледі. Қазіргі кездегі ең өзекті мәселелердің бірі-мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығы. Баланың денсаулығы мықты, сау болуы үшін не істеу керек, қандай шара қолдану керек? Осы мәселені шешу үшін педагогтар бір пікірге келу керек.

Балаларды салауатты өмір салтына баулу, қимылды ойындар мен спорттық сайыстарға қатыстырып балалардың салауатты өмірге деген жағымды көзқарасын қалыптастыруымыз керек – деді.

2. Екінші сұрақ бойынша Ішкі еңбек тәртібімен балабақша меңгерушісі С.Мырзахметова таныстырды.

Қазақстан Республикасының заңының талаптарына сәйкес бекітілген ережелердің мақсаты-мектепке дейінгі мекеме ұжымының тиімді ұйымдастыруға ықпал ету, еңбек тәртібінің нығайту жолдарымен таныстырылды. Баяндама оқылды. Балабақшада мектепке дейінгі жастағы

балалардың оқу тәрбие жұмыстары ұйымдастырылады. Оны ұйымдастыратын жағдай жасайтын осы ұжымның барлық қызметкерлерінің атқаратын өз міндеттері бар. Әрбіріңіз өз лауазымды міндет бойынша міндеттеріңізбен танысып оны орындаймын деп растау үшін өз қолдарыңызды қойыңыздар. Қол қойған уақыттан бастап ең әуелі бала қауіпсіздігі мен денсаулығына жауап береміз. Және де ішкі еңбек тәртіп ережесін қатаң түрде сақтауымыз керек. Ұжымда сіздерден жауапкершілікті, ұйымшылдықты, еңбекқорлықты, бірлік пен ынтымақтастықты көрем деп сенемін. Және сондай болуын талап етемін. Келешек ұрпақ тәрбиесінде аянбай еңбек етіп, ата-аналардың үмітін ақтап, тәжірибемізді, кәсіби шеберлікті арттырайық. Үнемі ізденіс үстінде жүруіміз шарт және де балабақшада жалпы және жеке бас тазалығын сақтап қызметке лайықты формада жүру керектігін ескертемін.

Қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен толық таныстырып кәсіподақ төрайымы А.Ережепова келісімімен бекітілді.

Үшінші сұрақ бойынша: Балабақша топтары туралы анықтама, олардың сапалық құрамы туралы балабақша әдіскері А.Налибаева сөйледі.

Биылғы жылға жас ерекшеліктерін ескер отырып 3 топ жинақталды. Жалпы 70 бала. Онда : ортаңғы топ (3 жастан бастап)-20 бала, ересек топ-25 (4 жастан бастап) ересек топ (4 жастан бастап) 25 бала болды. Балалардың тізімі жасалды ҰББД қорына және Ситцен сайтына тіркелді. Балалардың қажетті құжаттары жинақталды.

Тәрбиешілермен тәрбиеші көмекшілер топқа бөлінді.

Ортаңғы топтың тәрбиешілері:А.Ережепова. А.Уразбаева .Көмекші тәрбиеші:Қалмуратова Г

Ересек «Балдаурен » топ тәрбиешілері: Қ.Усипбаева , А.Налибаева көмекші тәрбиеші:Есалиева А

Ересек « Қарлығаш » топ тәрбиешілері :С.Налибаева , Р.Джунусклова .Көмекші тәрбиеші : Муродалиева М

Төртінші сұрақ бойынша «**Бала өмірі мен денсаулығын қорғау**» қауіпсіздік ережелері туралы нұсқаулық баяндаманы мейірбике Т.Фардиева таныстырды.

Балалардың өмірімен денсаулығын қорғау,олар тәуелсіз мемлекетіміздің білімді, білікті, мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу ең басты мақсатымыз. Ата- аналар өмірінің ең қымбат байлығын балаларын сеніп тапсырған соң, біз олардың өміріне тікелей жауаптымыз деп нұсқаулықты таныстырды.

2023-2024оқу жылының Комиссия мүшелерін сайлау.

1) **Балабақша қызметкерлерінің жұмыс өтілін анықтау және лауазымдық жалақысын есептеу жөнінде төмендегі құрамда құрылсын.**

Комиссия төрайымы:С.Мырзахметова

Комиссия мүшелері: Ережепова А –кәсіподақ төрайымы.

Алтынбекова Б –есепші,тәрбиеші;Джунускулова Р. тәрбиеші. С.Налибаева

2) **Жылдық жоспардың оқу бағдарламасының меңгеру деңгейі бойынша оқу-тәрбие жұмысын бақылау мен басқару бөлімі бойынша тексеру комиссиясы құрылсын.**

Комиссия төрайымы:С.Мырзахметова

Мүшелері: Налибаева А, С.Налибаева сайланды.

3) **Балабақшадағы қызметкерлердің білім,білімділік деңгейін Анықтау үшін арнайы аттестаттау комиссиясы құрылды.**

Комиссия төрайымы:С.Мырзахметова

Мүшелері:А.Налибаева ,Д.Акбарова:С.Налибаева сайланды.

4) **Балалбақшада келісім комиссиясын құрылсын,төмендегі құрамда.**

Қ.Р2015жылғы23қарашадағы Еңбек кодексінің 159 бабына сәйкес.

Комиссия төрайымы меңгеруші –С.Мырзахметова

Мүшелері-тәрбиеші Д.Акбарова ,Психолог С.Налибаева

Кәсіподақ ұйымының төрайымы- А.Ережепова сайлансын.

5) **Арыз шағымдар жәшігіне қадағалау комиссия мүшелері:**

Комиссия төрайымы- С.Мырзахметова

Кәсіподақ ұйымының төрайымы-А.Ережепова , Медбике –Т.Фардиева сайлансын.

6. **Ата-аналар консультациясының** пунктін жұмыстарын жүргізу үшін комиссия мүшелерін сайлау

Комиссия төрайымы-С.Мырзахметова

Кәсіподақ ұйымының төрайымы-Ережепова А .Психолог-С.Налибаева

Медбике– Т.Фардиева сайлансын.

7. **НОБД қорына және Ситцен сайтына жауапты маман тағайындау туралы**

Балабақшада балабақша ситцен және НОБД ,жұмыс ситцен сайтының жұмысын жүргізу қажетті құжаттары сайтқа тіркеуге жауапты маман Акбарова Джамияға жүктелсін.

Жиналыс соңынан ортақ шешімге келіп ортақ шешім қабылданды.

ШЕШІМ:

1. Балабақша 2023-2024оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық.
2. Ішкі еңбек тәртіп ережелеріне сай жұмыс жүргізілсін.Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бойынша жұмыстар жүргізілсін.
3. Топтарға тәрбиешілер және тәрбиеші көмекшілері бекітілді және қызметін тиянақты орындасын.
4. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі өтілген нұсқаулық талаптары сақталсын.
5. Қызметкерлердің еңбек ақыларын есептеуге, оқу-тәрбие бөлімінің бақылау мен басқаруға, арыз-шағымдарды қарауға, келісім педагогтарды аттестаттауға комиссия мүшелері, ата-аналар консультация мүшелері, НОБД қорына және Ситцен сайтына жауапты маман Д.Ақбарова сайланды.



№1 «Саят» бөбекжай-бақшаның өндірістік кеңестің

Хаттамасы №2

Күні:20.01.2024ж

Қатысқандар :8

Қатыспағандар :0

Күн тәртібі:

1. №1 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.
2. «Балабақшадағы адамгершілік – құқықтық тәрбие» жұмысын ұйымдастыру
3. «Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңдерді өткізу»
4. Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңнің өтілуін салыстырмалы түрде бақылау қорытындысы
5. «Ата-аналар жиналысының хаттамаларын ресімдеу» (жалпы және топтық) Ата-аналар жиналысының құжаттарының уақытылы толтырылу деңгейін бақылау қорытындысы
6. Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: Балабақша меңгерушісі С.Мырзахметова 2023-2024 оқу жылындағы міндетті бес бағыт бойынша жұмыс жоспарлары жасалынып, орындалуы әдіскер, меңгеруші тарапынан бақылауға алынды. Әрбір бөлім бойынша жоспарланған жұмыс әр топта балалардың жас ерекшелігіне байланысты жасалынып, уақытында жүргізілуде.

II ТЫҢДАЛДЫ: Балабақшадағы адамгершілік – құқықтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

СӨЙЛЕДІ: Құқықтық тәрбие бойынша жауапты әдіскер А.Налибаева адамгершілік-адамның рухани арқауы, өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі-қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Нәрестенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілер, ойындар тәрбиелеп өсіру негіздері мен адамгершілік ниеттерге баулиды. Олай болса

«Адамгершілік тәрбие беру кілті-халық педагогикасында»деуге болады,

III ТЫҢДАЛДЫ: «Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңдерді өткізу» Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңнің өтілуін салыстырмалы түрде бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер А.Налибаева 17-18 қаңтар аралығында бөбекжайдың жылдық жоспарына сәйкес «Қарлығаш», «Балдаурен» «Балапан» топтарында күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңнің өтілуін салыстырмалы түрде бақылау өтті. Балаларды қабылдау топта жүргізілді. Тәрбиеші балаларды қуанышпен, күлімсіреп қарсы алды, әдемі келбетке назар аударды, балалардың көңіл-күйі туралы сұрады. Балаларға «текшелерде» қызықты ойын ұсынды. Балалар топқа кіріп, ойыншықтарды бөлшектей бастады. Тәрбиеші балалармен таңертеңгілік жаттығуды музыкамен ұйымдастырды. Балаларды таңертеңгілік жаттығуларға жинау үшін тәрбиеші өлең оқуды, тосын сәтті қолданды, балаларды күнмен бірге жаттығулар жасауға шақырды (жұмсақ ойыншық). Таңғы асқа дайындық кезінде тәрбиеші балаларды ұйымдасқан түрде қолдарын дәретханаға жууға алып келді. Өлең оқыды: «су, су, менің бетімді жу». Балалардың назарын краннан су ағып жатқанына аударды. - балалар крандағы судың қайдан келетінін білесіңдер ме? Осылайша тәрбиеші балалардың ой-өрісін кеңейтті. Түскі ас кезінде тәрбиеші де сөзін «Біз тыныш отырамыз және тыныш тамақтанамыз» деген өлеңдермен сүйемелдеді. Таңғы астан кейін балалармен ойындар ұйымдастырылды. Тәрбиеші балалардың назарын дастархан жаюға, мұқият тамақтануға, майлықтарды қолдануға, яғни балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруға аударды. Тәрбиешілер күн тәртібіне қанағаттанарлық түрде құрды, әр түрлі іс - әрекеттерді ақылға қонымды түрде ауыстырып, режимдік сәттердің тәрбиешілерімен байланыста жұмыс істеуге тырысады; күн сайын жұмыс жоспарлары бойынша әңгімелер өткізеді; балалармен таза ауада үнемі серуендейді.

IV ТЫҢДАЛДЫ: «Ата-аналар жиналысының хаттамаларын ресімдеу» (жалпы және топтық) Ата-аналар жиналысының құжаттарының уақытылы толтырылу деңгейін бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер А.Налибаева балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес 2023 жылдың 17.01-18.01 аралығында ата-аналармен жұмыс бойынша педагогтардың жұмысын талдау мақсатында ата-аналар жиналысының құжаттарының уақытылы толтырылу деңгейіне бақылау жүргізілді. Дәстүр бойынша біздің мектепке дейінгі білім беру мекемесінде жалпы ата-аналар жиналысы жылына 2 рет, топтық ата-аналар жиналысы жылына 3 рет өткізіледі. Ата-аналар жиналыстары ата-аналармен танысудан басталады.

Бақылау барысында келесі мақсаттар көзделді: мақсат қою, ата-аналардың жиналыс тақырыбына қызығушылығы, жиналыстың күн тәртібін айту, достық жағдай, жиналыстарда көрнекілікті пайдалану,

хабарламаның қысқаша мазмұны ата-аналармен жұмыс істеудің дәстүрлі емес әдістерін қолдану, рефераттың болуы, жиналыстың қорытындысын шығару және шешім қабылдау. Балалардың негізгі тәрбиешісі-ата-аналар. Бүгінгі таңда қазіргі ата – аналарға көмек қажет, өйткені психология мен педагогика туралы білімнің болмауы қателіктерге, түсінбеушілікке, демек, тәрбиенің нәтижесіздігіне әкеледі. Сондықтан балабақшаның

педагогикалық ұжымының негізгі күш-жігері ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға бағытталған. Отбасын педагогикалық оқыту бойынша жұмыстың негізгі формаларының бірі-ата-аналар жиналысы. Барлық топтарда ата-аналар жиналысы жоспарланған және өткізілген. Жиналыстың кіріспе бөлігі: ата-аналарменамандасу,тақырыптың атауы,мақсат қою,ата-аналар жиналысының күн тәртібін айту, хатшыны таңдау. Тәрбиешілер шаршаған ата-аналардың назарын белсендірудің әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолданды. Ата-аналарды белсендіру үшін тәрбиешілер ойын әдістерін, көрнекілікті қолданды, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және қатайту тәжірибесіне баса назар аударды.

V ТЫҢДАЛДЫ :Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі С.Мырзахметова әрбір қызметкер балабақшада жүргізіліп жатқан жұмыстарға белсене қатысуы жөнінде және ақпан-наурыз айындағы жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті. Жылу туралы балабақша мейірбикесі Т.Фардиева өз ойын білдірді. Әрине қыс ауасы болғаннан кейін балалар тұмауратып қалуда.Бірақ жылу мәселесінде бізде ешқандай қиындықтар жоқ. Пештер орналасқан бөлмелер таза. Гигиеналық талапқа сай.Күнделікті тәрбиеші көмекшілеріне кеңестер беріп тұрмын. Қауіпсіздік ережелерін сақтауын ескертіліп тұр. Бақша бөлмелері жылы,жарық әрі таза.-деп өз ойын білдірді.Қызметкерлермен жиналыс соңынан ортақ шешім қабылданды.

ШЕШІМ:

1. Өткен өндірістік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Күн тәртібін сақтау жұмыстарын бақылауға алу жалғастырылсын.
Мерзімі: Жыл бойы. Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, медбике
3. Ата-аналар жиналысының құжаттарының толтырылуы қанағаттанарлық. Жауаптылар: әдіскер,тәрбиешілер.
4. Жылуда бір қалыпты ұсталсын.Температура 20-22° түсірілмесін.Жауапты маман Ибрагимова А.
5. Адамгершілік құқықтық тәрбие беру жұмыстары қанағаттанарлық.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



С.Мырзахметова

А.Налибаева

№1«Саят »бөбекжай-бақшаның өндірістік кеңестің

Хаттама№3

15.03.2024ж

Қатысқаны-8
Қатыспағаны-0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Тазалық, тамақтану, дезинфекция ережелерін сақтау, күн тәртібінің орындалу жөніндегі нұсқаулық.
3. Балабақша ауласын көгалдандыру..
4. «Өрт және техникалық қауіпсіздігін сақтау» туралы

1. Балабақша меңгерушісі А.Налибаева күн тәртібіндегі бірінші сұраққа тоқталып өтті. Балабақшада 2023-2024 оқу жылының күзгі-қысқы жылыту мерзіміне жалпы жағдайы жақсы.

2. Екінші сұрақ бойынша балабақша медбикесі Т.Фардиева «Топтағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы» туралы баяндады. «Тазалық, тамақтану, дезинфекция ережелерін сақтау, күн тәртібінің орындалуы» жөнінде қызметкерлерге нұсқаулық оқып берді. Баяндама қоса тіркелді. Осы тақырып бойынша балабақша әдіскері А.Налибаева өз ойын айтып өтті. Әр бір айтылған тақырып бойынша нұсқаулықтарға көп көңіл бөлу қажет. Өйткені көктем келіп, тіршілік атаулысы оянып әрекет жасайды. Медбикенің нұсқаулықтарын жақсылап оқып алу қажет. Дезинфекция ережелерін танысып пайдалануын мұқият қарау қажет. Ойыншықтарды жуып тазалау кезінде мұқият болуы. Күн тәртібінің өз уақытында орындалу қажеттігін атап өтті. Жиналыстың соңынан күн тәртібіндегі 4 сұрақ бойынша сөз айтылды.

3. Үшінші сұрақ бойынша шаруа меңгерушісі А.Ибрагимова сөзге шықты. Балабақшаны көгалдандыру жұмысы бойынша биыл көктем мезгілінде 30 түп роза гүлін, әр түрлі ағаштар – 80 түп отырғызылды. Балабақшада әр сенбі күні сенбіліктер өткізіліп жатыр. Әрбір қызметкер өз учаскі жерлерін арамшөптен тазартып, суару арықтарын тазалап шықты. Ағаштардың түптері қопсытып, құмарландырып, әктелінді.

4. Төртінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Р.Джунускулова «Өрт және техникалық қауіпсіздігін сақтау» туралы слайд көрсетіп қызметкерлерге түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Жиналыс соңынан ортақ шешім қабылданды.

ШЕШІМ:

1. Өткен кеңестің орындалуы қанағаттанарлық
2. Топтағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы қанағаттанарлық.
3. Медбике Т.Фардиева оқыған баяндамасы мен толық оқып, орындалсын, ережелер сақталсын.
4. Балабақшада әр аптада сенбіліктер ұйымдастырылсын. Көгалдандыру жұмысы орындалсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



№1 «Саят» бөбекжай-бақшаның өндірістік кеңестің

Хаттама №4

31.05.2024ж.

Қатысқаны-8
Қатыспағаны-0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жазғы сауықтыру кезінде балалар денсаулығын нығайту шаралары.
3. Іш ауруларының алдыналу. Мейірбикенің кеңесі.
4. Жазғы жөндеу жұмыстары туралы.
5. Қызметкерлерді еңбек демалысының кестесін бекіту.

Бірінші сұрақ бойынша өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша меңгерушісі А.Налибаева өз сөзін айтып өтті.

Халқымыз бала тәрбиесіне қашанда ерекше мән берген. Өйткені, бала өміріміздің жалғасы. Сондықтан бүгінгі таңда балалардың өмірін қорғау біз үшін үлкен жағдай. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытуды заманауи талаптар деңгейінде жүргізу мақсатында балабақша топтары керекті жиһаздарымен толықтырылып оқу-дидактикалық материалдар, әдістемелік құралдар алынды. Әрбір топтағы заттың дамыту орталары, ойыншықтармен, спорт құралдарымен, ұйымдастырылған оқу әрекетіне қажетті материалдармен толықтырылды. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау. Олардың тәуелсіз мемлекетте білімді, білікті, мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу-біздің басты мақсатымыз деп өз сөзін аяқтады.

Екінші сұрақ. Жазғы сауықтыру кезінде балалар денсаулығын нығайту шаралары туралы балабақша әдіскері Р.Джунускулова сөз кезегін алды.

Әрбір мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы өзекті мәселелер бала денсаулығын нығайту және шынықтыру, балалардың танымдық қабілеттік психофизикалық денсаулығын сақтай отырып дамыту, ата-аналардың арқасында педагогикалық ағарту жұмысын белсендіру ата-аналардың бала тәрбиесіне айтар болсақ, балалар өмірі қауіпсіздігі мәселесіне арнап тарту. Жазғы сауықтыру мерзімін саналы жүргізу және педагогтар құзыреттілігін арттыру мәселелеріне арналды. Балалардың спортқа деген құштарлығын ояту мақсатында спорттық және еңбек жарыстарын өткеру керек. Таңғы жаттығуларды үзбей бала бойына тазалықты сіндіру керекпіз. Балабақша психологы С.Налибаева сөз кезегін алды.

Мінекей, жадырап жаз мезгілі келді. Бүлдіршіндерімізді жазғы шынықтыру шаралары арқылы балалардың денсаулығын нығайту шараларын ұйымдастыруымыз керек. Сондықтан да баланың қоршаған ортаны жақсы тануына, жақсы тәлім-тәрбие алуына ықпал жасауымыз керек. Балабақша тәрбиешісі А.Ережепова сөз кезегін алды.

Жаз мезгілінде балаларымыздың өмірлік денсаулығына көп көңілбөлуіміз керек. Әр баланы мұқият бақылауымыз шарт. Балалар бақшасының балалармен, саяхаттарды, серуендерді ұйымдастыру мен өткізу ережелері бойынша көптеген нұсқаулықтарды жатқа білуіміз керек. Балалардың өмірі мен денсаулығына және серуендеу мен экскурсияның қауіпсіз өткізілуіне толық жауап береді. Тәрбиеші балалар серуендейтін орында алдын-ала тексеріп, балалар үшін қауіпті заттардың болмауын қадағалайды. Учаскіде балалар үшін қауіпті заттар болмауға тиіс: әйнек, сым, шеге, тас, тікені бар ағаш бұтағы заттарды алып тастау керек. Серуенде алдында барлық жабдықтардың беріктігін тексеру, алып жүру (қауіпсіздігі), ойыншықтар таза әрі қауіпсіз болуы керек. Серуендеу кезінде балаларды 2 ересек адам сүйемелдеуі тиіс. Серуенге шыққанда балалардың уақыт сәтімен оларды санап тұру керек. Өзімен бірге алғашқы медициналық көмек көрсету қорапшасын алып жүру керек. Көлік қозғалысы көп көшелерде жүрмеу керек. Қауіпсіздік шараларын ескертті.

Балабақша тәрбиешісі Қ.Усипбаева сөз кезегін алды.

Жаз мезгілінде балаларды сауықтыру кезінде денсаулығын нығайтуда ойын түрінде қызығушылығын арттырып, ынталандыру керек. Ойын кезінде, оқу-тәрбие процесінде серуенде, тамақтануда жалпы үнемі сақ болуы шарт. Сондықтан балалар арасында достық қарым-қатынасты орнатуда жағдай жасауымыз керек. Ата-аналармен бірігіп жұмыс жүргізу керекпіз түрлі эстафеталық жарыстар ұйымдастыруымыз керек.

Үшінші сұрақ. Іш аурудың алдын алу тақырыбында балабақша мейірбикесі Т.Фардиева баяндама оқыды.

Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұжымының деректеріне қарағанда әлемде жыл сайын қауіпті және жұқпалы ішек ауруларынан іш сүзегі, дизентерия, поратиф. Бес миллиондай адам өледі екен. Осы іш ауруларының ошағы-сол кеселге шалдыққан адам, бактериямен вирус тасымалдаушылардың ішінде іш аурулардың айрықша белгілері немесе жеңіл желпі ауырған адамдар өте қауіпті. Ондай адамдарды әдетте медицина орындарына барып көрінбейді.

Сондықтан дәрігерлердің назарынан тыс қалады да қатерлі дертті таратушы болып жүре береді.

Жаз айларында барлық жерде іштің сұйылып кетуі көбейіп кетеді. Бұдан әсіресе нәрестелер мен сәбилер жиі зардап шегеді. Іштің сырқырап сұйылып өтуінің салдарынан балалар су мен тұзды көп жоғалтады. Сәбилердің көпшілігі бұны көтере алмайды. Өліп кетуі мүмкін. Іші өткен, құсқан сәби қарнының ашқанын да білмейді. Өйткені тамаққа тәбеті болмайды. Сол себептен баланы өз уақытында тамақтандырған жөн. Іші өткен балаға міндетті түрде регидрон береді. Бұл дәріні балалар емханасынан немесе дәріханадан алады. 2 жасқа дейін балалардың іші өткен сайын 50- 100мл сұйық ішуге, ал ересек балалар бұданда көп ішу керек. Іш аурудың

алдын алу 1 жасқа дейін баланы емізу керек. Емшек сүті таптырмас ем, әрбір ауруға. Аурудың белгілері. Дене қызуы көтеріледі. Дәретке жиі барады, жүрегі айныды, мазасызданып жемейді. Көзі шүңіршіп, еңбегі төмен түседі. Осы белгілері болса баланы тез арада емханаға жеткізу қажет. Керекті дәрі-дәрмекті қолданылу қажет екенін мейірбике баяндап берді.

Төртінші сұрақ. Жазғы жөндеу жұмыстары туралы.

Жөндеу жұмысы туралы шаруашылық меңгерушісі А.Ибрагимова өз жоспарларын айтып өтті. Бүгінгі таңда 2023-2024 оқу жылының жоспары түзілген. Әрине, жөндеу жұмысы айтар болсам әр аптада жеңіл әктеу жұмысы жүруде, әктеу, жуып шаю және ағаш отырғызу сияқты жұмыстар жүргізіп, ауданның білім бөліміне мәлімет тапсырып жатыр. Әр аптаның жұмысына жоспар түзіп осы бойынша жұмыс жүргізуде. Ортаңғы топтың күрделі жөндеу жұмысын маусым айында бастаймыз деген бар-деп өз ойын баяндады.

Балабақша әдіскері Р.Джунускулова .

Міне, табиғат-ана өзіндік бір әсем күйге енген жаз мезгілі де жақындап келеді. Әр жыл мезгілінің өзінің кереметі бар. Жаз мезгілін жыл сайын асыға, сағына күтетін себебіміз, біріншіден ол жеміс-жидегі мол дастарханы. Алтынға бөленген табиғаттың кереметін айтсаңшы. Сол себепті 1 маусым балаларды қорғау күнін біз ерекше күтіп алуымыз керек. Осы мерекеге ерекше дайындық жасап өткеру керекпіз-деп ойын білдірді. Соны мен қатар қызметкерлерді еңбек демалысының кестесін таныстырып берді.

Балабақша мейірбикесі Т.Фардиева сөз кезегін алды.

Жаз мезгіліндегі жөндеу жұмысы өз ретімен өткіземіз. Сонда да айтарым әр топта рет-ретімен әктеу, сырлау жұмыстарына ауыз біршілікпен бірге атсалысып жұмыс атқарайық. Балабақша ауласында арам шөптен тазартып, гүлдерге күтім жасалып тұру керек. Тазалық адам денсаулығына өте пайдалы. Сөз соңынан айтарым жазғы жөндеу жұмыстарына айтылған пікірлерге толық қосыламын. Жазғы жөндеу жұмысы туралы ой-пікірлерім толық қосылып ортақ шешім шығарылды.

ШЕШІМ:

1. Өткен кеңестердің шешімдері орындалуда.
2. Жазғы сауықтыру кезінде балалардың денсаулығын нығайту шаралары туралы жоспар түзіліп бекітілсін. Әдіскер Р.Джунускулова және мейірбике Т.Фардиеваға жүктелінсін.
3. Іш аурудың алдын алу шаралары жүргізілсін. Жауапты медбике Т.Фардиева.
4. Жазғы жөндеу жұмысы орындалсын. Шаруа меңгерушісі А.Ибрагимоваға жүктелінсін.
5. Қызметкерлер бекітілген кестесі бойынша еңбек демалысына шығарылсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

